



«Өнерлі сауақтар» үйірмесі

Мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде баланың білімін, шеберлігін көрсету. Балаларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту. Баланың ойлау, түс үйлесімділігін сезіну қабілеттерін дамыту, қол еңбегі арқылы балалардың ұсақ сауақ қол моторикасын жетілдіру.

Міндеті:

Қол еңбегі арқылы балалардың көркемдік талғамын қалыптастыру. Балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау, көру қабілеттерін, түстерді айыра білуге дамыту. Еңбек еткенде сауақ қол қимылын дамытып, еңбекке баулу. Балалардың көркемдік эстетикалық қабылдауын дамыту, еңбек ету іскерлік дағдыларын жетілдіру. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау.

Күтілетін нәтиже.

Қолөнер үйірмесінің негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршен қолөнерін жасап үйренеді. Еңбек арқылы баланың ерік күші шыңдалып, ойлау қабілеті кеңейетінін нақтылай түседі.

«Өнерлі сауақтар» үйірмесінің жылдық жоспары.

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	1	
2	Табиғи материалмен жұмыс. «Көжек» аппликациясын жасау	2	
3	Өсімдіктерден аппликация жасау. «Көбелек»	2	
4	Қағаз және қатырғы қағазбен жұмыс.Бүктеу тәсілдері. «Тауық»	2	
5	Қағаз және қатырғы қағазбен жұмыс.Бүктеу тәсілдері. «Қайық»	2	
6	Қағаздан қонжық жасау	2	
7	Түрлі-түсті қағаздан балапан жасау.	2	
8	Шыршаны безендірейік.Түрлі-түсті қағаздан шынжыр жасау	2	
9	Жана жылдық жұлдызша жасау.Бүктеу тәсілі арқылы	2	
10	Кар жасау.Қағазды жырту тәсілі арқылы жапсыру.	1	
11	Аққала жасау.Ермексаз,картон,поролон,қраска арқылы.	1	
12	«Менің сүйікті Пандам» Бет сүртетін майлықтардан Панда жасау	2	
13	«Қоян»Қалташаға синтифон мақта толтыру арқылы жасау.	2	
14	«Бәйшешек»Бет сүртетін дөңгелек майлықшалар арқылы.	2	
15	«Анама сыйлық»Түрлі -түсті қағаздан гүл жасау	2	
16	«Көктем құсы»Картон мен қағаздан жапсыру.	2	
17	«Торсық»Картонды жіппен орау әдісі арқылы	2	
18	«Үкі» Қағазды жырту арқылы жапсырмалау	2	
19	«Сәбіздер»Түрлі-түсті қағаздан жасау.	2	